



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәжіліс



ЕГІННІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте егін шаруашылығының қазіргі жағдайы талқыланды. Биыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың гектар, малазықтық дақылдар 73,2 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 16,8 мың гектарды құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқарды. Бүгінде 70 мың гектар күріш суға толық бастырылған. Күріштің 53,4 мың гектары үстел қоректендіріліп, 61,2 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді. Осыған сәйкес, 16,7 мың гектары (23,9 пайыз) түтікке шығу, 44,8 мың гектары (64 пайыз) масақтану, ал 8,5 мың гектары (12,1 пайыз) гүлдену кезеңіне өтті.

Жалпы 7 541 гектар мақсары, 415 гектар жаздық арпа, 4 338 гектар жаздық бидай, 21 394 гектар жаңа жоңышқа, 428 гектар қант құмайы, 873 гектар судан шөбі, 409 гектар сүрлемдік жүгері, 373 гектар соя, 30 гектар кунбағыс, 120 гектар жемдік асқабақ, 326 гектар тары, 1 366 гектар картоп, 6 743 гектар көкөніс, 8 735 гектар бақша егілді. Күздік бидай, сұлы толық жиналып бітті. Шаруашылықтар

күтімге алған 49 мың гектар ескі жоңышқаның 2 380 гектарын тұқымға қалдырып, 46,6 мың гектардан екі орымнан жалпы 142,7 мың тонна жоңышқа дайындады. Қазіргі таңда әлі де ал азығын дайындау жұмыстары жалғасуда.

23-шілдедегі мәліметке сүйенсек, «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 113,4 текше метр су түсуде. Қоймадағы су көлемі 3,3 млрд текше метрді құрайды. Сырдария өзенінің төменгі ағысына 550 текше метрі жіберіледі.

«Көксарай» су реттегішінде жинақталған су көлемі 23 млн текше метр, былтырғыдан 2,76 млн текше метр артық. Биыл гидротехникалық құрылыстарға, ішкі шаруашылық каналдарына жөндеу жүргізілді. Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма берді.

«ЖОҚ» ақпарат

Брифинг

ЖАРТЫ ЖЫЛДА ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Биыл ауданымыз 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді оң серпінмен қорытындылады. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимов Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді. Аудан басшысының айтуынша, аталған мерзімде экономиканың негізгі салаларында тұрақты өсім қалыптасқан. Атап айтсақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 110,7, өңдеу өнеркәсібі 100,1, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 113,2 пайызға жеткен. Бұдан бөлек бөлшек сауда айналымы, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, құрылыс жұмыстары мен тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіштері де жоспарлы межеден асып, аудан экономикасының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетті.



Ауыл аманаты:
37 жоба қаржыландырылған

Ауданда соңғы жылдары шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда қолға алынған жобалар өз жемісін беруде. Мәселен, жыл басынан бері ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъекті саны 2 541-ге жетті. Оның 2471-і, яғни 91,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Қаржы институттары арқылы кәсіпкерлер ұсынған 56 жоба 1,3 млрд

теңгеге қаржыландырылған. Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары жүзеге асырылып келеді. Аталған жоба аясында биыл 234 млн теңгені құрайтын 37 жоба қаржылай қолдау тауып, 39 жұмыс орны ашылды. Тарқатып айтсақ, өңдеу бағыты бойынша 3 жоба, мал шаруашылығы бағытында 22 жоба, құс шаруашылығында 1

жоба, балық шаруашылығы бойынша 1 жоба, техника бойынша 1 жоба, және басқа да бағыттар бойынша 9 жоба қаржыландырылған.

Ауданда өндірістік жобаларға да басымдық беріліп келеді. Жалпы құны 70 млрд теңгені құрайтын 6 жобаның 5-еуі жүзеге асырылып 120 жұмыс орны құрылды. Олардың қатарында 150 мың айлық есептік көрсеткішпен жүзеге асатын жобалар бар. Мәселен, «Агрохимсервис-С» ЖШС жүзеге асырып жатқан құны 905 млн теңгені құрайтын қоймалар құрылыс жобасы бар. Нысанның жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өткен. Құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жоба толық пайдалануға берілген кезде 5 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Сондай-ақ аудан аумағында швейцариялық «Харвест Агро Холдинг» компаниясының қатысуымен техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру мен қайта өңдеуге бағытталған ауқымды агро-индустриялық кластер құру жобасы қолға алынды. Жалпы құны 68 млрд теңгені құрайтын жоба екі кезеңде жүзеге асырылады. Жоба іске қосылғаннан кейін жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя

өндіру көзделіп отыр. Сонымен қатар 60 мың тонна шикізатты өңдейтін және май сығу зауыты іске қосылады. Биыл 5 мың гектар жүгері, 2 мың гектар мақсары егіліп, 142 дана жаңбырлатып суару қондырғысы жұмыс жасауда. Сондай-ақ 100 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. «Харвест Агро Холдинг» компаниясының биыл салған инвестиция көлемі 26,3 млрд теңгені құрайды.

Бұдан бөлек өңірлік инвестициялық пул аясында құны 150 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «EcoServiceStroy» ЖШС-ның 150 орындық балабақша құрылысы биыл қазан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ал жеке кәсіпкер Людмила Цойдың құны 200 млн теңгені құрайтын сауда орталығы тамыз айында іске қосылады. Сондай-ақ «Хан-шатыр» жеке кәсіпорны 120 орындық балабақша құрылысын жүргізіп жатыр. Нысанды қараша айында пайдалануға беру жоспарланған. Ал жеке кәсіпкер «РАЯНА» салған 450 орындық «SHAN HALL» тойханасының құрылысы толық аяқталып, жоба сәтті іске асырылды. Жоба құны – 400 млн теңге.

(Жалғасы 2-бетте)

Өңір өнімі

Маусым туа салысымен құрылыс жұмыстары да жандана түседі. «Ауласына қоршау тұрғызамын, шаңырағын кеңейтсем, жаңа үйдің іргесін қалаймын» деген де күннің сынғанын күтеді. Соған сай құрылыс материалдарына деген сұраныс артып, дүкен жағалаған жұрттың қарасы көбейеді. Халықтың осы қажетін дер кезінде байқаған бүгінгі кейіпкеріміз тәуекелге бел буып, ауданнан өз кәсібін бастаған. Елге керек дүниені қолжетімді етуді мақсат тұтқан кәсіпкер құрылыс материалын өндіруді қолға алып, аз уақыттың ішінде тұтынушылар сеніміне ие болды. Ол әрбір тұтынушының сұранысына мән беріп, сапалы өнім ұсынды басты қағидасына айналдырған. Бүгінде өңбегінің жемісін көріп отырған Ерлан Белгібаев ауданның кәсіпкерлік саласының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Елдің қажетіне жарап, өз нәсібін адал еңбектен тауып жүрген жандар қашанда құрметке лайық. Біз бүгін сондай еңбекқор кәсіпкердің тыныс-тіршілігімен танысып, кәсібінің қыр-сырына үңілдік.

Ерлан Белгібаев кәсіпкерлік жолын алғаш рет 2019 жылы бастаған. Бұл салаға келуінің өзіндік себебі бар. Оның фибробетон өндірісіне деген қызығушылығы Ресейде жүрген кезінде оянды.



Бүгінде фибробетон өнімдері елімізге негізінен Қытай, Ресей және Еуропа елдерінен импортталады. Ал Қазақстанда бұл өнім көбіне Алматы, Қарағанды, Шымкент секілді ірі қалаларда өндіріледі. Елге оралған соң Ерлан осы бағыттағы істі қолға алуға бел буды. Алайда қолда бар мүмкіндіктермен ғана шектелу жеткіліксіз екенін түсінген кәсіпкер өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысып, 5 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды. Тиісті

қаражат толықтай өндірісін дамытуға және кәсібін кеңейтуге жұмсалған. Ерекең Жалағашта бұл істі алғашқылардың бірі болып бастады. Өңгіме барысында фибробетонның түрлері саналуан екенін білдік. Оның іргетасқа, қабырғаға арналған және басқа да мақсаттарға бейімделген түрлері бар. Соған сәйкес қолданылатын қалыптардың да түрі өзгеріп отырады. Ал оның құрамына келсек, бұл – мүлде бөлек өңгіме. Фибробетонның өзге

құрылыс материалдарынан басты айырмашылығы да дәл осы тұста айқындала түсті.

Фибробетон – беріктігі жоғары құрылыс материалы. Оның құрамы да кәдімгі бетоннан өзгеше. Өндіріс барысында шегеқұм қолданылмайды. Оның орнына арнайы фибра, пенопласт, пластификатор, цемент және түрлі химиялық қоспалар пайдаланылады. Қажетті химиялық құрамдар Жаңақорған мен Шымкент қалаларынан алынады. Ал негізгі шикізаттың бірі – ирандық цемент. Оны өзіміздің Қызылорда қаласынан жеткіземіз, – дейді кәсіпкер.

Оның айтуынша, фибро материалдың жарылмауы үшін қосылады. Ал пластификатор фибробетонның беріктігін арттырып, жақсы қатуына көмектеседі. Соның нәтижесінде өнім сапалы әрі төзімді болып шығады.

Біз барған кезде де қызу тіршілік басталып кеткен. Бұл жолғы тапсырыс – есік пен терезе жақтаулары. Сырт көзге оңай көрінгенімен, жұмыс барысына куә болғанда маңдай тердің қаншалықты төгілетінін көріп, еңбекті бағаладық. Бастапқыда айтылған материалдардың барлығы дерлік арнайы қондырғыда мұқият араластырылып, шамамен он бес минутта дайын болды. Кезекті тірліктің реті басталып, дайын болған қоспа арнайы қалыпқа белгілі мөлшермен құйылып жатыр.

Күн ұясына батуға асық, бірақ бұл жерде асығыстық атымен жоқ, әр қимыл тиянақтылықпен жасалуда. Кейін арнайы виброустелге жеткізілген қалып бірнеше минут бойы сол жерде тұрады. Дайын болғанда қалыптың дұрыс орналасуы да үлкен мәнге ие. Арнайы бап керек. Біркелкілік үшін қалыптың астына ұзын темір тірек қойылуға. Шикі қоспа бір тәулік бойы тұрып, келесі күні толық дайын күйге келеді. Осылайша өнімнің көлемді әрі сапалы шығуы басты назарда ұсталды.

Мұнда жұмысшылар істің жай-күйін түсіндіріп жатыр. Бағанадан басы-қасында жүрген, біраздан

кейін өзінді құдды бір құрылысшыдай сезінесің. Айналадағы абыр-сабырдың арасынан дауыс әрең естілсе де қимылға қарап ұғынып жүрмін.

Виброустел – ең маңызды кезең. Қоспа қоймалжың болғандықтан қалыптың ішінде біркелкі жайылуы керек. Осы кезде артық ауа шығып, материал тығыздалады. Егер ауа толық шықпаса, бұйым сынып кетіп, сапасы нашарлауы мүмкін. Бетіне ауа көпіріштері шықса, дайын болды деген сөз, – дейді Даулетияр Тілемесов.

Иә, мұнда төрт адамнан құралған ұжым таң атқаннан тынымсыз еңбек етеді. Тапсырыс тек аудан ішінен ғана емес, алыс-жақын өңірлерден де түсіп жатады. Олар келген әр тапсырысты жауапкершілікпен қабылдайды. Жақын аймақтардың қатарында Төреөзек, Қармақшы аудандары бар. Бағасы да көпшілікке қолжетімді, шаршы метрмен есептеледі.

Алдағы уақытта кәсіпкер өндіріс аясын кеңейтуді жоспарлап отыр. Тіпті бетон араластырығыш секілді заманауи қондырғылар алып, жұмысты одан әрі жетілдіру ойда бар. Сонымен қатар арнайы цех ашып, өндірісті жүйелі түрде дамытуға ниетті.

Барлығын сырттай бақылап жүріп, жұмыс соңына келгенде «осымен болды» деп ойлаған сәт. Байлам артынша өзгерді. Ерланның айтуынша, бағанадан бері дайындалған өнім толық қалыпқа келіп, қатайғаннан кейін енді орнату жұмыстары жүргізіледі. «Жігітке жеті өнер де аз» деген сөз дәл осы жерде ойға оралды. Кейіпкеріміздің еңбекке деген ықыласы ерекше. Ол тек тәжірибеге сүйеніп қана қоймай, үнемі желіден ізденіп, жаңа технологияларды қарап отырады. Ең бастысы, бұл істің болашағына деген сенім зор. Заманауи технологиялар мен үздіксіз ізденістің арқасында бұл өндіріс алдағы уақытта жаңа деңгейге көтеріліп, ауқымын одан әрі кеңейтеді деген үміт мол.

Гүлжан ЕСЖАН

ЖАРТЫ ЖЫЛДА ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ



41 864 гектарға егін егілген

Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласының бірі. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы саласы толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Қазіргі таңда аудандағы 359 шаруашылықтың 223-і немесе 62,1 пайызы егін, ал 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастырудың бекітілген сызбасына сәйкес жалпы 41 864 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде негізгі дақыл саналатын күріштің көлемі 16 618 гектарды құрайды.

– Материалдық-техникалық базаны нығайту бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Жыл басынан бері шаруашылықтар 147 млн теңгеге 3 жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығы да тұрақты дамып келеді. Бүгінде аудан бойынша 34 321 бас ірі қара, 28 281 бас уақ мал, 38020 жылқы, 796 түйе және 9 528 бас құс өсірілуде. Пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған 8 753 гектарды құрайтын 15 жер учаскесі мемлекет қорына қайтарылды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайта айналымға енгізу мақсатында жалпы көлемі 3 429 гектарды құрайтын жер учаскелері жеке, заңды тұлғаларға табысталды. Суды үнемдеу мақсатында 15 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жерлерге қайта лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілді, – деді аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы.



Жол сапасы жақсармақ

Соңғы жылдары Жалағаш ауданында жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алып келеді. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың айтуынша, бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар аймақ басшылығының қолдауының арқасында кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл ауданның жол саласын дамытуға бюджеттен 853 млн теңге бөлінген. Осы қаржы есебінен жалпы ұзындығы 8,7 шақырымды құрайтын 3 елді мекеннің 8 көшесіне орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Тарқатып айтсақ, Ақсу ауылындағы Ақбөгет, М.Әуезов және Т.Қожағұлов көшелеріне қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар Жұңаадария ауылындағы Жұңаадария және Мектеп көшелерін күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған. Құны 375,2 млн теңге болатын бұл жоба ауылдың жол-көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған. Ал Аққыр елді мекенінде Ы.Ақмырзаев, Ш.Есов және М.Ахметов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобалар толық аяқталғаннан кейін аудандағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесі 88 пайызға дейін артпақ. Сондай-ақ қосымша демеушілердің қаражаты есебінен 2 шақырым жолға тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

3 млрд теңгені құрайтын 11 жоба әзірленген

Қазіргі таңда елді мекендерге бағытталған негізгі күрежолдың барлығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгені. Президенттің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселесі толық шешілген. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың айтуынша, аудандағы жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар мұнымен шектелмейді. Қазіргі таңда жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын 11 жоба бойынша бюджеттік өтінім жолданған.

Бұл жобалар қаржылай қолдау тапқан жағдайда ауданның бірнеше ауылындағы көшелер мен аудандық маңызы бар жолдар жаңа кейіпке енбек. Тарқатып айтсақ, кент іргесіндегі Ақсу ауылындағы үш көшені күрделі жөндеуге 106,9 млн теңге қажет. Аққұм елді мекенінің айналма жолын реконструкциялау жұмыстарының жалбыл құны – 195,6 млн теңге. Сондай-ақ Мырзабай ахун ауылындағы К.Оспанов және

Жаңақоныс көшелерін күрделі жөндеуге 591,9 млн теңге, Мәдениет ауылындағы Жаңақоныс көшесін жаңғыртуға 199,8 млн теңге қарастыру көзделген. Бұдан бөлек Жаңаталап ауылындағы екі ішкі көшені жөндеуге арналған 128 млн теңгелік жоба әзірленсе, Есет батыр ауылындағы төрт көшені күрделі жөндеуге 248,2 млн теңге



көлеміндегі жоба дайын тұр. Қаржыландыру мәселесі оң шешімін тапса, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы ауылдағы сегіз көше де күрделі жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстардың жалпы құны 677,9 млн теңгені құрайды.

Жолдармен қатар аудандағы көпірлерді жаңғырту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. «Жаңақоныс-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялауға 287,6 млн теңге қажет. Ал «Самара-Шымкент-Мәдениет-Т. Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін көпірді қайта жаңартуға 77 млн теңге, «Пірман» каналы арқылы өтетін көпірді жаңғыртуға 97,9 млн теңге қажет. Сонымен бірге «Самара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту жобасының құны 350,6 млн теңгені құрайды.

Әзірге бұл жобалардың барлығы қаржыландыруды күтіп тұр. Аудан әкімдігі тарапынан тиісті бюджеттік өтінімдер жолданып, жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асыру көзделген. Қаржылай қолдау көрсетілген жағдайда ауданда жол құрылысы қарқын алып, ауыл тұрғындарының қатынас сапасы айтарлықтай жақсара түспек.

Инженерлік инфрақұрылым жаңғырып келеді

Ауданда инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытында да жүйелі жұмыстар қолға алынған. Соның нәтижесінде бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Аудан әкімінің айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Биыл Есет батыр ауылындағы ауыз су жүйесін қайта жаңғырту жобасына бюджеттен 353 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаждау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жалпы келісім-шарт құны 381 млн теңгені құрайтын жоба аяқталған соң ауыл тұрғындары сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз етіледі.

Электр желілерін жаңғырту мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Қазіргі таңда аудан бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы 458 шақырымды құраса, олардың орташа тозу деңгейі 32,5 пайызға жеткен. Осыған байланысты Жалағаш кенті, Еңбек және М.Шәменов ауылдарындағы электр желілерін жаңғыртуға арналған жоба-сметалық құжаттамалар демеушілердің қолдауымен әзірленіп, қаржыландыру үшін бюджетке

ұсынылған. Қазір бұл жобаларды жүзеге асыру мақсатында бюджеттен 1,7 млрд теңге қаражат бөлдіру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Қаржыландыру мәселесі оң шешімін тапса, ауданның электр инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарып, тұрғындарды сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтуға мүмкіндік артады.



65 адам тұрақты жұмыспен қамтылды

Брифингте аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы әлеуметтік саладағы көрсеткіштердің оң динамикасын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Биыл аудандағы жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші – 2,6 пайыз.

Ұлттық жоба аясында биыл 13 жоба арқылы 126 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 8 жоба бойынша 65 азамат жұмыспен қамтылған. Әлеуметтік қолдау шаралары да бір жолға қойылған. Жыл басынан бері әлеуметтік жағынан осал санаттағы отбасыларға қолдау көрсету мақсатында түрлі қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, тұрғындарға жалпы көлемі 12 млн теңгеге жуық қаражатқа көмек көрсетілген.

Ауданда жұмыссыздық деңгейін төмендетудің негізгі тетігінің бірі – кәсіпкерлікті дамыту. Осы бағытта тұрғындардың жаңа бизнес бастамаларына қолдау көрсетіліп, тұрақты жұмыс орындарын құруына басымдық берілуде. Жауапты сала қызметкерлері мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы тұрғындарды нәтижелі жұмыспен қамтуға және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жалғастырып келеді.

Жалағаш ҰБТ қорытындысымен көш бастады

Білім саласы биылғы оқу жылын толайым табыспен қорытындылады. 2025-2026 оқу жылын 6 885 оқушы аяқтаса, оның ішінде 470 түлек мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алды. Биылғы түлектердің 19-ы «Алтын белгі» иегері атанса, 43 оқушы «Үздік аттестат» иеленді.

Ауданның білім сапасын айғақтайтын басты көрсеткіштің бірі – ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі. Биыл ҰБТ-ға 414 түлек қатысты. Бұл мектеп бітірушілердің 88 пайызын құрайды. Орташа балл 85,2-ге жетіп, 99 түлек 100 балдан жоғары нәтиже көрсетті. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысымен Жалағаш ауданы облыс бойынша бірінші орынға шықты.

Жылдың ең үздік нәтижесін Еңбек ауылындағы Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің түлеі Альфия Балхан тіркеді. Ол ұлттық бірыңғай тестілеуде ең жоғары 140 балл жинап, аудан мерейін үстем етті. Бұл жетістік өңірдегі білім беру сапасының жоғары деңгейін айқын көрсетті.

Айта кетейік, алдағы 2026-2027 оқу жылына дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 145 млн теңге бөлініп, жеті білім беру ұйымында ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар бір балабақшаға газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, №122 орта мектепке 50 млн теңге, №31 мектеп-гимназияға 26 млн теңге көлемінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. №34 мектеп пен «Жауқазын» балабақшасына газ тартуға әрқайсына 11 млн теңгеден бөлінген. Сондай-ақ №123 мектеп-лицейіне 7 млн теңге, №201 мектеп-лицейінің спорт алаңын қайта жаңғыртуға 5 млн теңге, №232 орта мектепке 4,8 млн теңге және №124 орта мектепке 3,8 млн теңге қарастырылған.

Аудан әкімінің айтуынша, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі таңда аудандағы барлық мектеп пен балабақша 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтылып, олардың барлығы полиция бөлімімен интеграцияланған. Бұл – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Мәдени мұраға – құрмет, руханиятқа – қолдау

Ауданда мәдениет саласын дамыту бағытында да жүйелі жұмыстар жалғасып келеді. Рухани құндылықтарды дәріптеу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық тәрбиеге басымдық беру мақсатында жыл басынан бері ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы 853 мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылған. Бұл бастама арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау, жастардың рухани тәрбиесін нығайту және тұрғындардың мәдени өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік жасалып келеді.

– Биыл өңірдің рухани өміріндегі айтулы оқиғаның бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің туғанына 100 жыл және көрнекті

әдебиетші-ғалым, фольклортанушы Мардан Байділдаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық іс-шаралар өтпек. Мардан Байділдаевтың ғасырлық мерейтойын қыркүйек айында, ал Алдаберген Бисеновтің 100 жылдығын қазан айында кең көлемде атап өтуді жоспарлап отырмыз. Тарихи-мәдени мұраны сақтау бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалған жоқ. Бүгінде ауданда мемлекет қорғауына алынған 62 тарих және мәдениет ескерткіш бар. Оның біреуі республикалық маңызы бар нысан болса, 55-і жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарына кіреді. Ал алты нысан алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

Айта кетейік, тарихи орындардың қолжетімділігін арттыру мақсатында 17 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылған. Сонымен қатар демеушілердің қолдауымен Мырзабай ахун мешітіне жай жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Мырзабай ахунның жерлеу кешенінде консервациялау жұмыстары атқарылған. Бұл жұмыстар – өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтап, оны келер ұрпаққа аманат етуге бағытталған маңызды қадамның бірі.



Жалағаштық спортшылар 144 медаль иеленді

Ауданда бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына барлық жағдай жасалуда. Соның нәтижесінде бүгінде 16 мыңға жуық аудан тұрғыны тұрақты түрде спортпен шұғылданады. Бұл аудан халқының 44 пайызын құрайды. Жергілікті спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарда аудан мерейін асқақтатып келеді. Биыл олар Әлем және Азия чемпионаттарында, сондай-ақ республикалық және облыстық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, әртүрлі деңгейдегі 144 медаль жеңіп алды.

Тұрғындарды спортпен тұрақты айналысуға тарту, спорттық инфрақұрылымды тиімді пайдалану, бұқаралық және ұлттық спорт түрлерінен жарыстарды тұрақты өткізу бағытында кешенді жұмыстар атқарылуда. Осы мақсатта ауданда «Наркескен» спорт клубы, Б.Құлтекенов атындағы жабық бассейн және балалар мен жасөспірімдерге арналған дене шынықтыру даярлығы ұйымдары халық игілігіне қызмет көрсетіп келеді. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде ауданда бұқаралық спорттың дамуына серпін беріліп, жастардың спортқа қызығушылығы артып, халықаралық додаларда ел намысын қорғайтын жаңа чемпиондар қалыптасып келеді.

«Таза Қазақстан» ортақ іске айналды

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауданымызда кең көлемді абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 62 млн теңге бөлініп, кент пен 14 ауылдық елді мекенде қоршаған ортаны көркейтуге бағытталған жұмыстар қарқын алды. Акция аясында 20 су арнасы тазартылып, 48 әлеуметтік нысанның, 7 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы, сондай-ақ 21 аллея мен саябақ абаттандырылып, көгалдандырылды. Санитарлық жұмыстарға 25 арнайы техника жұмылдырылып, 2,5 мың тонна тұрмыстық қалдық арнайы полигондарға шығарылды. Туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне тұрғындар да белсенді атсалысуда. Науқан басталғалы зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, еріктілер, жастар және аудан тұрғындары экологиялық акцияға өз үлесін қосты, – деді аудан басшысы.

Ауылдар алкогольден бас тартты

Брифингте Ардақ Ибраимов Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды. Бұл бағытта қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп келеді.

Жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде ауданға қарасты 14 ауылдық округ алкоголь өнімдерін сатудан өз еркімен бас тартып, толықтай «Алкогольсіз ауыл» мәртебесіне ие болды. Бұл бастама қоғамдық тәртіпті нығайтуға, құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға оң ықпалын тигізіп отыр.

Брифинг соңында аудан әкімі журналистердің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.

Тағылым

Қазақтың көнекөз қариялары «ердің құны көрген бейнетімен» деуші еді. Сол сөздің астарында жасырлардың гираты жатыр. Бейнетті көрмеген адам төзімнің парқын ұқпайды, ал тағдырдың тезінен өтпеген жанның азаматтық болмысы толық танылмайды. Сондықтан халқымыз қайсарлықты қаншада байлықтан биік қойған. Өткен ғасыр қазақ халқы үшін ең ауыр дәуірдің бірі болды. Аиарылықтың ашм зары, соғыстың сұрапыл сәті, қуғын-сүргіннің қасіреті, жоқшылықтың жойқын салқыны талай әулеттің шаңырағын шайқалтты. Сол ұлмат жаслардың салмағын қайсапнай көтерген азаматтардың өмірі – бүгінгі ұрпақ үшін тағылым, ертеңгі тарих үшін мұңды дерек.

Менің нағашым Әбілда Смағұлұлының ғұмыры да тағдырлы болыпты. Бұл еңбекті жазудағы мақсатым – әулет ақсақалын дәріптеу ғана емес, уақыттың шаңына көміле бастаған сәулелі ғұмырды қайта сөйлету. Өйткені адам баласы ұмытылған күні ғана екінші рет өледі. Ал артында қалған ұрпақты өткенін түгендеп, есімін ардақтап отыраса, оның ғұмыры халық жайында мәңгі жасай берсін.

Әбілда Смағұлұлы 1914 жылы Сыр бойының құт қонған қасиетті топырағында дүниеге келді. Бұл қазақ даласының ескі мен жанының ара-жігі ажырап, тіршіліктің жаңа арнаға ылажсыз бет алып жатқан, аумалы-төкпелі шағы еді. Елдің енесінін езген жоқшылық пен тұрмыстың тауқыметі әр шаңыраққа өз салмағын салғанымен, қазақтың үміті үзілген жоқ. Себебі бұл халықтың табиғатында төзім мен тұзбе бар болатын.

Әбілдың әкесі Смағұл қарапайым еңбек адамы болғанымен, ауыл арасында сөзі өтімді, еңбегімен сыйланған жан екен. Балаларының бойына адалдықты, еңбекқорлықты, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті сіңіріп өсірген. Қазақ баласына қалдыратын ең үлкен мұра – мал-мүлік емес, тәрбие екенін жасық болған. Кейінгі өмірінде Әбілдың қандай сынаққа тап болса да адамдық жолынан таймауы сол қарапайым шаңырақта алған тәлімнің жемісі болса керек.

Отызыншы жылдардың басында Сыр өңірінде өндіріс орындары бой көтеріп, ел тіршілігі біртіндеп енес тіктей бастайды. Жалағашта қамыс өңдейтін зауыт ашылып, жұрт жаңа кәсіпке бет бұрады. Осы зауытқа Әбілдың туған ағасы Ысқақ директор болып тағайындалып, ағасы Асқар да осы өндіріс орнында еңбек етеді. Зауыттың ашылуы көптеген ауыл адамдарының тұрмысын түзеп, талай шаңыраққа үміт сыйлапты. Алайда адам үміті мен тағдырдың жазуы әрдайым қабыса бермейді. 1933 жылы әкесі Смағұл дүние салды. Өңкені орны – қарашаңырақтың алтын қазығы. Сол қазық босағанда үйдің ғана емес, жүректің де бір бұрышы қайрап қалатыны белгілі. Қайғыны қайсарлықпен жеңу бабадан қалған қасиет болатын. Осылай Әбілда да өмірдің қайыстырар жүгін ерте көтереді.

Жастықтың жалыны бойында ойнап тұрған шағында ол Тебіз Жартыбайқызы анамызбен шаңырақ көтерді. Екі жас өзгелер сияқты бейбіт ғұмыр кешуді, адал еңбекпен күн көрулі ғана армандайды. Бірақ XX ғасырдың аласапыран дауылы елшімнің шаңырағын айналып өткен жоқ.

1941 жылдың 22 маусымы... Бұл күн миллиондаған тағдырдың өмірін ойрандап, армандарын талқандаған күн болып тарихта қалды. Ауылдың сәні болған талай азамат бірінен соң бірі майданға аттанды. Ана баласынан, әйел жарынан, сәби әкесінен көз жасын көл қыла отырып айырылды. Қазақ даласының тосін ұзақ үнсіздік басты. Кеше ғана қуанышты дауыс пен ән естілген ауылдарды енді мұң мен майданнан келетін қара қағаздан қорқатын үрей басты. Алғашқылардың бірі болып Әбілдың туған ағасы Асқар майданға аттанды. Алайда оның артынан 1942 жылы «хабарсыз кетті» деген суық хабар жетті.

Хабарсыз кетті... Осы екі ауыз сөздің ішінде қаншама ананың көз жасы, қаншама жаянды зары, қаншама баланың мұңы жатқанын бүгінгі ұрпақ толық сезіне алмауы мүмкін. Себебі күту – өлімнен де ауыр сынақ. Үміт үзілмейді, бірақ хабар келмейді. Жүрек сенеді, бірақ уақыт үнсіздік танытады. Асқардың тағдыры да сондай үнсіз мұңға айналды.



Бірақ ел басына күн туған шақта қара жамылып отыруға елшімнің қамысы жоқ еді. Сол кезде Семей қаласында әскери құрамаларды аралап жүрген Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары Шекер Ермағамбетова құдасы Әбілда Смағұлұлымен жүздеседі. Оның іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін байқап, Қызылорда облысы бойынша майдандағы жауынгерлерге қажетті киім-кешек пен бұйымдарды жинау жұмысын ұйымдастыруды тапсырады.

Бұл да майданның тылдағы шебі еді. Алты ай бойы Әбілда ауыл-ауылды аралап, елдің ықыласын, аналардың ақ тілегін, қариялардың батасын, балалардың алақан жылуын майданға жөнелтті. Қазақ әйелдерінің түн ұйқысын төрт бөліп тоқыған қолғап-шұлықтары, көнекөз әжелер сақтап отырған кой жүні, жоқшылыққа қарамай берген азын-аулақ дүниесі, бәрі де жеңіске деген сенімнің белгісі ретінде жөнелтілді. Алайда азаматтың парызы мұнымен шектелмек емес. Көп ұзамай Әбілда Смағұлұлының өзі де қолына қару алып, майданға аттанды.

Соғыс... Бұл сөздің салмағын майдан көрмеген жан толық сезіне алмас. Соғыс – ажал мен үміттің, қайрат пен қаһардың, адамдық пен қатыгездіктің бетпе-бет келетін алаңы. Онда кеше ғана бір дастарқаннан дәм татқан азаматтар ертеңіне бір-бірінің мәйітін жерлеп жататын. Онда әр таң тіршілікке берілген жана мүмкіндік, әр кеш тағдырдың тағы бір сынағы еді. Әбілда Смағұлұлы сондай сынның бел ортасына түсті. Қолына қару ұстаған әр жауынгер секілді ол да туған жердің топырағын, қарашаңырағын, артында қалған анасын, жарын, бауырларын ойлап соғысты.

Майдан даласында адамның шын болмысы ашылады. Онда атақ үшін емес, әр үшін шайқасасын. Өйткені ерлік – өлімнен қорқыпау емес, өзінен бұрын еліңді ойлай білу. Тағдыр оның маңдайына өзгеше сынақ жазыпты. Днепр өзені маңындағы кескілескен ұрыстардың бірінде Әбілда жау қолына тұтқынға түседі. Неміс әскері кеңес жауынгерлерін батысқа қарай айдап әкеліп бара жатқан. Тұтқынның күйі еркіндігінен айырылған адамның ғана емес, үміті тұсауланған адамның хәлі екені анық. Дегенмен қазақ баласының бойындағы азат рух темір құрсауға да бағынған емес.

Бір күні кеңестік авиация жау шебіне жойқын соққы береді. Аспанды тілгілеген ұшақтардың дүрсілі мен жарылған бомбалардың дүмпуінен айнала астаң-кестең болады. Сол алаңат сәтті күтіп тұрғандай, Әбілда жанындағы жас орыс сарбазымен бірге жүгері алқабына қарай ұмтылды. Өмір мен өлімнің арасы кейде бір-ақ қадам болады. Қалың жүгерінің арасына сүңгіп кеткен екі жауынгер күндіз қыбыр етпей жасырынып, түн қараңғылығында ғана жүріпті. Аштық жанын қинап, шөл ерінн кезертіп, аяқтағы жараның сыздағаны бойға батты. Бірақ еркіндікке деген асарлық бәрінен күшті еді. Мұндайда, Қазақ «үмітсіз – шайтан» дейді. Үміт оларды алға жетеледі. Бірнеше күннен кейін Кеңес әскерінің танкілері тұтқындырды азат ету мақсатында шабуылға шығады. Әбілда көз алдынан

зулаған танкілерді көргенде бар күшің жнып, соларға қарай жүгірді.

Дәл сол мезет... Жер қақ айырылғандай гүре еткен жарылыс айналаны дүр сілкіндірді. Жау снарядының жарықшағы оның басы мен аяғына тиіп, жерге құлайды. Көз алды тұманданып, есі кіресілі-шығасылы халге түсті. Бірақ майданда бауырын жау қолына тастап кету – жауынгерлік жолдастыққа сын. Кеңес танкістері жаралы сарбазды тастамай, өздерімен бірге алып шығыпты. Кейін госпитальда ұзақ уақыт ем қабылдайды. Жарасы жазылған соң көпшіліктің ойлағанындай елге қайтқан жоқ. Қайтадан сапқа қосылып, майданға оралды. Өйткені оның түсінігінде Отан алдындағы борыш алған азгантай жарақатпен өлшенбейтін. Бұл нағыз азаматқа тән мінез еді.

Соғыстың от-жалыны басылған соң Әбілда туған елге аман жетеді. Ел ішіндегі жауапты қызметтерге араласып, ахалтеке тұқымның жүйрік тұлпарын мініп, еліне қызмет етті. Алғабас қолхозы төрағасының орынбасары болып, шаруашылық жұмысына білек сыбана кірісті.

Басында бейбіт өмір басталғандай көрінген. Бірақ зобалаң заман оның соңынан әлі де қалмаған екен. 1947 жылдың соңында «Неміс тұтқындында болған адам қалай мемлекеттік қызмет атқарады?» деген жалған арыз жазылады. Кеше ғана Отан үшін қан төккен азамат енді өзі қорғаған елінде күдікке ілікті. Бұл сталиндік дәуірдің ең қасіретті шындығы еді. Ол кезде ақиқаттан бұрын күдік сөйлейтін, адалдыктан бұрын арызға сенетін заман болатын. Майдандағы ерлік кейде бір қапырақ жалған қағаздың алдында дәрменсіз қалатын. Сөйтіп 1948 жылы 9 қаңтарда Әбілда Смағұлұлы Қарағанды шахталарына қылмыскер есебінде жөнелтілді.

Қазақ «басқа түссе, баспақшыл» дейді. Бірақ кейбір сынақтың салмағы адамның ғана емес, тұтас әулеттің мыңына түседі. Әбілданы алып кетер күн сондай күн еді. Қаралы хабардай суық көрініс әлі күнге дейін ұрпақ жадынан өшкен емес. Өкесімен қолтасуға келген бес жасар Тынышкүлді милиция қызметкерлері жолатпалы. Баланың жылағаны, ананың егілгені, ағайынның амалсыз күйі, бәрі бір сәттің ішінде тағдырдың ашы шыңдығына айналады. Сол кезде қарылдасы Күлзада Шаханова шыдай алмай: – Бұл не деген сұмдық!! – деп ашпана тіл қатады.

Осы қарсылықтан кейін ғана кішкентай Тынышкүл әкесіне жақындай алды. Әбілда қызын құшағына қысып, маңдайынан сүйді. Баланың сәби жүзінен көз алмай ұзақ тұрды. Сол сәтте оның жүрегінен не өткені бір Аллаға ғана аян. Бұл әке мен қыздың ғана қолтасуы емес, тағдырдың адам жүрегіне салған тағы бір жарасы еді.

Қызық, тағдырдың жазуын қараңыз... Дәл сол күні жары Тебіз анамыз Бақыткүл есімді қызды дүниеге әкелді. Шаңырақта жаңа өмірдің үні естілсе, екінші жағынан әке кіносіз болса да, жазасын өтеуге аттанды. Тіршіліктің таразысы кейде осылайша қуаныш пен қайғыны қатар тартады.

Қарағанды... Қазақ даласының сол кездегі

қасіретіне көмірдің қара күйесі сіңген өлке. Мұнда айдалғандардың ешқайсысы маңдайына мұндай тағдыр жазыларын ойлаған жоқ. Бірі ғалым, бірі мұғалім, бірі майдангер еді. Бірақ заман олардың атағын емес, талайсыз тағдырын ғана көрді.

Әбілда әкеміз алғашында көмір қазушы болып еңбек етті. Жердің қойнауына түсіп, тас көмір шабу – қайратты ғана емес, қайсарлықты да қажет ететін жұмыс. Қара көмірдің шаны өкпеге толады, дымқыл үңгірдің ауасы сүйекті сырқыратады. Бірақ адам баласы қандай қиындыққа да бейімделеді екен. Көп ұзамай ол тәжірибелі қолбайыр дәрежесіне дейін көтеріледі. Еңбекке адал жанның қадірін еңбек қана танытады. Қатар жүргендер оның ешкімнен жалтармайтын мінезін, ісіне ұқыптылығына, кісілік қалпынан айнымайтын болмысына құрметпен қарайды. Өйткені нағыз азаматты атағы емес, адамдардың оған деген ықыласы танытады.

Уақыт өте майдандағы оқиғалар қайта зерделене бастайды. Әбілдың жау тұтқыннан қашып шыққаны, II Бездарусь майданында Кеңес одағының маршалы Константин Рокоссовский басқарған құрамда қайта шайқасқаны, 1945 жылы I қазанда алғыс хат алғаны анықталды. Осы шындықты Қарағанды шахтасының басшысы Архипов жоғары орындарға арнайы хатпен жолдайды. Хатта Әбілдың жау жағұнда болмағаны, қайта ажалдан аман қалып, Кеңес әскері құрамында соғысты жалғастырғаны нақты дәлелдермен көрсетіледі.

Әлілет кешіккенмен, адаспапты. Жоғары жақтан «Бір кемшілік үшін екі рет жаза қолданылмайды. Ол өз жазасын қан майданда өтеген. Босатылсын» деген шешім келеді.

Бір ауыз сөз... Бірақ сол сөздің артында қанша бейнет, қанша сағыныш, қанша төгілген тер жатқанын бір Алла ғана білді. Бостандыққа шыққан соң Әбілда туған жерге бірден қайтқан жоқ. Қарағандыда бірге айып арқалап келген жалағаштық азаматтар Әбілқасым Әбдреев, Райымқұл Аманжолов, Байкөшер Қошқарбаев және Кентай Баниязовпен арадағы бауырластық өзгеше еді.

Қасірет адамдарды туыстықтан да жақын етеді. Бір нанды бөлісіп жеген, бір шахтада ыық тіресіп еңбек еткен жандардың достығы өмір бойы үзілмейтін тінге айналды. Сол жылдары жалағаштықтардың ұйымшылдығы өзге жұртқа да үлгі болған тәрізді. Алайда туған жердің топырағына жететін қасиет жоқ. Мұны ағасы Ысқақ жасық түсінді.

– Елге қайт, інім. Туған жерден артық мекен болмайды, – деген бір ауыз сөзі Әбілдың көкейіндегі күпті ойды сейілткендей болды.

1950 жылғы ол туған елге оралды. Бұл қаншама жыл тағдырмен аралысып, сағынышын жеңіп, үмітін өшірмеген азаматтың өз жұртына қайта қауышуы болатын. Інісінің аман келгеніне тұзбе еткен Ысқақ ағасы ағайынның басын қосып, ірі қара сойып, елге ас береді. Ақсақалдар ақ батасын жаудырып, «көрген бейнетің артта қалсын» деп асқарма тілек айтады. Сол тілектер қабыл болғандай, шаңыраққа береке қайта еңсе керек. Көп ұзамай Наташа мен Рауза есімді қыздары дүниеге келіп, әулеттің шаттығы еселене түсті. Бірақ Әбілда Смағұлұлы үшін ең үлкен қуаныш туған жердің төсіне маңдай терін төгіп, адал еңбек ету еді.

Қазақ «ердің атын еңбек шығарады» дейді. Бұл – уақыт сүзгісінен өткен ақиқат. Өйткені найзаның ұшы мұқалатын, қылыштың жүзі қайтады, ал адал еңбекпен келген абыройдың ғұмыры ұзақ болады. Елге оралған соң Әбілда Смағұлұлы әуелі таразышы болып еңбек етеді. Кейін байланыс бөлімінде қызмет атқарады. Бірақ оның бүткіл болмысы жерге тартып тұрады. Ақырында бар ғұмырын диқандыққа бағыштайды.

Сыр бойының дарқан даласы адамнан тек маңдай терді ғана емес, төзімді де талап етеді. Күршітін әрбір дәні – су мен күннің ғана емес, диқанның бейнелі мен сабыршың жемісі. Әбілда осы ақиқатты жан-тәнімен ұғынған диқан болды. Таң бозынан егіс басына барып, кеш қарая ауылға қайту оның күнделікті дағдысына айналды. Ол үшін еңбек күнкөрістің қамы емес, адамдықтың өлшемі болатын. Қарамағындағы адамдарға да осы ұстанымды сіңіреді. Көп ұзамай оның ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекқорлығы ел көзіне түсті. Әбілда Смағұлұлы күршіл өсіруден мол өнім алатын озат бригадирлердің қатарына көтерілді. Сыр елінде оның есімі «сары аттынан тап тұрғызған диқан» ретінде құрметпен атала бастады.

Өмірдің өзі қызық, кеше ғана жалған жалаңның кесірінен темір торға тоғытылған азамат енді

елдің мақтанышына айналды. Уақыттың таразысы ақырында шын мәніндегі әділдігін айтты. Мәңдай термен келген мерей мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Әбілда Смағұлұлы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын және күміс медальдарымен марапатталды. Сонымен бірге «Еңбек Қызыл Ту» орденіне ие болды. Сол кезеңдегі ең жоғары мемлекеттік марапаттың бірі «Ленин» орденінің кеудесіне тағылуды оның адал еңбегіне берілген зор баға еді. Бұл марапаттардың әрқайсысының артында мыңдаған күннің бейнелі, жүздеген адамның ғиғашылығы, туған жерге деген адалдық жатты. Алайда адам бақыты атақпен ғана өлшенбейді.

Шаңырақтың шаттығы – ұрпақ. 1960 жылдың қарсаңында ауылдағы көршісі Гүлжахан апа ерекше түс көреді. Түсінде аппақ киім киген, ақ сақалды қария қолына қанжар ұстатып: – Мынаны Әбілдың шаңырағына жеткіз, – дейді.

Көп ұзамай, 1960 жылдың 25 маусымында дүниеге ұл келеді. Көршіге көрінген аяймен байланыстырылып, нәрестеге Қанжарбек деген ат беріледі. Қуанышты хабарды жеткізген Гүлжахан апаға Әбілдың: – Сүйініңе бір өгіз, – дегені оның кеңпейілдігі мен қазық дархандығын аңғарта керек.

Жаратқан иесі бейнеттен кейін берекесін де аямағандай. Өмір өзенінің ағысы ешқашан тоқтамайды. 1971 жылы аппақ киім киген, ақ сақалды қария қолына қанжар ұстатып: – Мынаны Әбілдың шаңырағына жеткіз, – дейді.

Қазақ «Жақсының артында сөз қалады, жүйріктің артында із қалады» дейді. Әбілда Смағұлұлының артында қалған ең қымбат мұрасы – оның ұрпағы. Жалғыз ұлы Қанжарбек Әбілдаұлы сапалы ғұмырын білім беру, партия, әкімшілік, жергілікті басқару және спорт салаларына арнады. Мектеп директоры, ауылдық кеңес төрағасы, республикалық спорт мектебі директорының орынбасары, олимпиадалық даярлау орталығының заңгері қызметтерін абыроймен атқарып, бүгінде құрметті зейнеткер атанып отыр.

Осы жолдарды жазып отырып, бір ойға қайта-қайта ораламын... Адамның өмірі немен өлшенеді? Жүрген жасымен бе? Жинаған доулетімен бе? Өлде алған атыағымен бе? Жоқ... Қазақтың танымалды адамның бағасы соңында қалдырған ізімен өлшенеді. Әбілда Смағұлұлының ғұмырына зер салған сайын мен тағдырдың адамды жасыту үшін емес, шындау үшін сыйаңытынына көз жеткіземін. Ол ашаршылықты да көрді, қан майданның отын да кешті, тұтқындықтың тауқыметін де тартты, жазықсыз жазаса да ұшырады. Бірақ бірле-бір сынақ оның жүрегіндегі адамдықты өшіре алмады. Ал уақыт таразысы үшін бейнеттен қаймықпаған, маңдай терді мұрат еткен, елге адал қызмет еткен қазақ азаматы.

Осындай ғұмыр халықтың тарихи жадын байытады. Өйткені ұлттың шежіресі тек хандар мен батырлардың өмірінен тұрмайды. Ол қарапайым еңбек адамдарының, маңдайына мехнат жазылса да, арына дақ түсірмеген азаматтардың тағдырынан құралады. Бүгін біз өткенге тағзым еткенде кешегіні жоқтап отырған жоқпыз. Біз болашаққа бағдар алып отырмыз. Өткеннің өңегісін қадірлеген ұрпақтың ғана келешегі кемел болмас.

Ол бейнетпен белдерінен ғұмыр кешті. Бірақ сол бейнеттің бедері бүгін ұрпағының жүрегіндегі абыройдың мөріне айналып отыр. Сондықтан оның есімі әулетінің ғана емес, адал еңбекті ардақ тұтқан елдің де жадында сақталуы тиіс. Әбілда әкеміздің ғұмыры – тағдырдың талай тезінен өткен, бірақ әр-ожданына дақ түсірмеген қазақтың ғұмыры. Ол бейнеттен қайыспайды, қиындыққа мойымады, адал еңбекпен абыройын қайта асқақтатты.

Қазақ «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Оның артында қалған ең асыл мұрасы – марапаттары емес, адал аты, өңегелі ғұмыры және өсіп-өнген ұрпағы. Уақыт бәрін өз безбеніне салады. Бірақ уақыттың өзі ұмытыра алмаған ғұмырлар болады. Әбілда Смағұлұлының өмірі – сондай ғұмыр. Оның есімі ұрпағының жадында аманат, елдің жадында өнеге болып жасай беретініне кәміл сенемін.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері

Біле жүріңіз!

АЛАЯҚТАР АЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІНЕ КӨШТІ

Телефоныңызды бөтен адамдарға беріп, алданып қалмаңыз! Жалағаш ауданы полиция бөлімі азаматтарға ескертеді: соңғы уақытта алаяқтар жаңа айла-тәсілдерді қолдануда. Олар өздерін банк қызметкері, құқық қорғау органы өкілі немесе байланыс операторы ретінде таныстырып, түрлі сылтаумен азаматтардың телефонын сұрап алып, жеке деректеріне қол жеткізуде.

Қалай алдайды?

- «Аккаунтыңыз бұзылды», «картаңызға қауіп төніп тұр» деп қорқытады;
 - Телефонныңызға келген SMS-кодты сұрайды;
 - Телефонды қолына алып, мобильді қосымшалар арқылы несие рәсімдейді немесе ақша аударып жібереді;
 - Зиянды қосымша орнатуға көндіреді.
- Есте сақтаңыз, телефоныңызды және жеке мәліметтеріңізді ешкімге бермеңіз. Банк қарғасының деректерін, SMS-кодтарды жария етпеңіз. Күмәнді сілтемелерге өтпеңіз, белгісіз адамдарға сенбеңіз.

Егер алаяқтық дерегіне тап болсаңыз, дереу полицияға хабарласыңыз. Қауіпсіздік өз қолыңызда!

Жалағаш аудандық полиция бөлімі

ТЕОРИЯДАН ТӘЖІРИБЕГЕ: СТУДЕНТТЕР «БЖЗҚ» АҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Экономика және құқық» факультеті, «Қаржы» және «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша 1-курс студенттері «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалында оқу-тәжірибелік жұмыстар өткізді. Шараның басты мақсаты – болашақ экономистер мен қаржыгерлердің теориялық білімін өндірістік тәжірибеге ұштастыру және еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу қағидадтарымен таныстыру.



Филиал директоры Арнұр Дәденұлы университеттің кафедра меңгерушісі Айгүл Әкімжанқызы бастаған бір топ студентті Қордың негізгі қызметі, қаржы нарығындағы рөл және цифрлық жобалары туралы хабарлар етті. Оқу-тәжірибелік сабақ барысында студенттер есеп және аудит: зейнетақы активтерінің есебі мен ішкі бақылау жүйесі, қаржылық сауаттылық:

зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және инвестициялық кіріс құрылымы және мемлекеттік қызметтер: салымшыларға көрсетілетін қызмет түрлері мен БЖЗҚ мобильді қосымшасының жұмысымен танысты.

Филиал мамандары студенттерге арнайы экскурсия ұйымдастырып, бөлімдерді күнделікті жұмыс барысын көрсетті.

Тәжірибе соңында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, алған әсерімен бөлісті. Мұндай іс-шаралар жоғары оқу орны мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз байланысты арттырып, студенттердің кәсіби біліктілігін шыңдауға үлкен септігін тигізеді.

«ЖЗ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінің бас жоспарын түзету» жобасына стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің сапасын бағалау туралы қорытынды алынғанын хабарлайды.

Қорытынды Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 57-бабының 10-тармағына сәйкес берілді.

Ұсынылған материалдарды қарау нәтижелері бойынша стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есеп қорытындыда және мүдделі мемлекеттік органдармен консультациялар хаттамасында көрсетілген ескертулерді және ұсыныстарды ескеру шартымен қанағаттанарлық деп танылды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес материалдар жариялануға және жұртшылықтың танысуы үшін орналастырылуға жатады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района» сообщает о получении Заключения об оценке качества отчета по стратегической экологической оценке к проекту «Корректировка генеральной плана поселка Жалағаш Жалағашского района, Кызылординской области»

Заключение выдано Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан в соответствии с пунктом 10 статьи 57 Экологического кодекса Республики Казахстан.

По результатам рассмотрения представленных материалов отчет по стратегической экологической оценке признан удовлетворительным при условии учета замечаний и рекомендаций, указанных в заключении и протоколе консультации с заинтересованными государственными органами .

В соответствии с требованиями статьи 57 Экологического кодекса РК материалы подлежат опубликованию и размещению для ознакомления общественности.

Маман мерейі

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АБЗАЛ ЖАН



Ербол Талқанбайдың медицина саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқанына биыл он жылға жуықтады. Бала күнінен адамдардың дертіне дауа тауып, олардың өміріне арамша түсуді армандаған ол бүгінде аудандық ауруханадағы оңалту бөлімінің емдік денешынықтыру кабинетінің нұсқаушысы болып еңбек етіп келеді. Жауапкершілігі жоғары мамандықты таңдаған кейіпкеріміз бүгінгіше үздіксіз ізденісінің арқасында әріптестерінің құрметіне, емделушілердің сеніміне ие болған.

Ербол Сейткерейұлы еңбек жолын 2017 жылы аудандық емханада массаж маманы ретінде бастаған. Алғашқы еңбек жолында-ақ науқастармен етене жұмыс жасап, тәжірибесін пайдаланған жас маман өз ісіне деген жауапкершілігімен көзге түсіп, науқастардың алғысына бөленді. Кейін, яғни 2019 жылы аудандық ауруханада оңалту бөлімі ашылып, емдік денешынықтыру кабинетінің нұсқаушысы қызметіне ауысқан. Содан бері ол түрлі жарақат алған, күрделі отадан шыққан, сондай-ақ инфаркт пен инсульттен кейін оңалтуды қажет ететін науқастардың сауығуына өз үлесін қосып келеді.

— Мұнда күніне орташа есеппен 25-30 наукас келеді. Өзіңіз білетіндей, менің басты міндетім — науқастардың отадан кейінгі және түрлі аурулардан кейінгі оңалу кезеңінің сәтті өтуіне ықпал ету. Әр науқастың қалыпты өмірге тезірек оралуына өз үлесімді қосауға тырысып келемін. Мұнда еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін ем қабылдайды. Әсіресе енді ғана еңбектеп, қадам басып жүрген бүлдіршіңдер құлап, қол-аяғын жарақаттап алатын жағдайлар жиі кездеседі. Ондай кезде олардың жас ерекшелігіне сай оңалту жаттығуларын жүргізіп, қозғалыс белсенділігін қалпына келтіруге көмектесемін. Өздеріңіз білетіндей, адам қолын немесе аяғын сындырып алған кезде сүйектің дұрыс бітуі үшін гипс салынады. Алайда гипс ұзақ уақыт тұрғаннан кейін буындардың қозғалысы шектеліп, бұлшықеттер әсірейді. Осындай жағдайда науқастың қол-аяғының бұрынғы қозғалыс қабілетін қалпына келтіру үшін арнайы емдік дене жаттығуларын жасап, заманауи оңалту құрылғыларын қолданамын. Негізгі мақсат — буындардың қозғалысын жақсартып, бұлшықеттердің күшін қалпына келтіріп, науқастың күнделікті өміріне тезірек оралуына көмектесу. Ал егде жастағы науқастар көбіне күрделі отадан кейін, сондай-ақ инфаркт пен инсульттен соң ем қабылдайды. Кабинеттегі заманауи оңалту құрылғылары мен арнайы жаттығулардың көмегімен олардың денсаулығын қалпына келтіріп, күнделікті өмірге бейімделуіне жағдай жасаймын. Сондай-ақ сал ауруымен ауыратын балалармен

де жұмыс жасап келемін. Оларға ешқандай құрылғының көмегінен тыс, аяқ-қолын бүгіп-жазу арқылы жаттығу жасаймын. Әр науқастың сауығып, өздігінен жүріп-тұрып, қалыпты тіршілігіне қайта оралғанын көру — мен үшін ең үлкен жетістік, — дейді Ербол Сейткерейұлы.

Иә, кабинет барлық қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда науқастардың қозғалыс белсенділігін қалпына келтіруге арналған соңғы үлгідегі веложаттықтырғыштар мен түрлі массаж құрылғылары бар. Сондай-ақ кейіпкеріміздің айтуынша, мұндағы аяқ-қол буындарының қызметін жақсартып, қозғалыс ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін заманауи артромат құрылғысы да бар. Бұл құрал облыс бойынша небәрі төрт медициналық орталықта ғана орналасқан.

Артромат — буындардың қимыл-қозғалысын қалпына келтіруге арналған заманауи оңалту құрылғысы. Ол көбіне тізе, жамбас, шынтақ сияқты буындарға жасалған оталардан кейін, сондай-ақ жарақат алған немесе инсульттен кейінгі науқастарды оңалту кезінде қолданылады. Құрылғы науқастардың қауіпсіз әрі ауырсынусыз өз еркімен қимылдауына ықпал етеді. Соның нәтижесінде буынның қозғалыс ауқымы біртіндеп артып, қан айналымы жақсаралы, бұлшықеттердің сіресуі мен буынның қатып қалуының алдын алады. Сонымен қатар ісіну мен ауырсынуды азайтып, науқастың қалыпты қозғалысқа тезірек оралуына мүмкіндік береді. Буындардың қозғалысын қалпына келтіруге арналған бұл құрылғы аудан тұрғындарына жоғары деңгейдегі оңалту қызметін жергілікті жерде алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын мұндай ем қабылдау үшін облыс орталығына баруға мәжбүр болған науқастар енді қажетті емді аудандық ауруханада-ақ алып, денсаулығын қалпына келтіруге. Аталған құрал-жабдықтардың көмегімен әр науқастың диагнозына қарай емдік жаттығулар жүргізіледі.

— Осы бөлімде ем қабылдап жатқанымға бүгін төртінші күн. Күн сайын екі мезгіл келіп, артромат құрылғысының көмегімен оңалту емін алып жүрмін. Жуырда жарақат алып, соның салдарынан оң

аяғымды баса алмай қалған едім. Қазіргі таңда емдік денешынықтыру кабинетінің нұсқаушысы Ербол Талқанбайдың жетекшілігімен ем қабылдап, жағдайым айтарлықтай жақсарды. Аяғымның қимыл-қозғалысы қалпына келе бастады. Осындай білікті мамандардың және заманауи құрылғылардың арқасында сауығып, қалыпты өмірге қайта ораламын деген сенімім мол, — дейді ем алушы Гүлсара Жолмұрзаева.

Білікті маманның айтуынша, ауданда оңалту бөлімінің жұмыс істейтінін әлі күнге дейін білмейтін тұрғындар аз емес. Соның салдарынан кейбір науқастар отадан кейін қажетті оңалту емін уақытты қабылдамай, үй жағдайында жата береді. Ал кей тұрғындар уақыт өте келе қимыл-қозғалысы шектеліп, денсаулығының қалпына келуі баяулаған соң ғана мамандардың көмегіне жүгінеді. Ербол Сейткерейұлы мұндай науқастармен жүйелі жұмыс жүргізіп, емдік дене жаттығулары мен арнайы құрылғылардың көмегі арқылы олардың қозғалыс қабілетін біртіндеп қалпына келтіреді. Дер кезінде басталған оңалту емі сауығу процесін едәуір жеделдетіп, науқастың қалыпты өмірге тезірек оралуына мүмкіндік береді. Сондықтан ол тұрғындарды уақыттылы дәрігердің қарауында болып, қажетті ем қабылдау керектігін қаперге салды.

Кейіпкерімізбен сұхбатты «Ербол, мына құрылғы тоқтады. Енді қай құрылғыға отырамын?» деген ем алушының дауысы бөлді. Оның әр науқасқа жылы жүзбен жауап беріп, қай құрылғыда қанша уақыт жаттығу жасау керектігін түсіндіріп жүргенін байқадық. Науқастармен етене араласып, олардың әрбір жетістігіне бірге қуанып, әр қадамын жіті бақылап жүретін маман үшін бұл күнделікті жұмыстың бір бөлігі ғана. Дегенмен сол күнделікті еңбектің нәтижесінде талай жан денсаулығын түзеп, қайтадан еркін жүріп-тұруға мүмкіндік алып келеді. Осындай адал еңбегі арқылы Ербол Талқанбай науқастарға тек ем көрсетіп қана қоймай, олардың сауығып кетуге деген сенімін де нығайтуда.

Сезім НҰР

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!



Сіздерді Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майталманы Әбілда Смағұлұлын еске алуға арналған спорттық турнирге шақырамыз!

Өтетін күні: 15 тамыз, 2026 жыл
Уақыты: сағат 09:00
Өтетін орыны: Жалағаш ауданының Орталық стадионы
Бағдарлама:
- Футбол турнирі
- Ардагерлер арасында жүгіру жарысы

Жүлде қоры:
Футбол турнирінің жүлделісі:
1 орын — 150 000 теңге;
2 орын — 100 000 теңге;
3 орын — 70 000 теңге;
4 орын — 40 000 теңге;
5 орын — 20 000 теңге.
Жүгірулің жүлделісі: (63+ зейнеткерлер арасында)
1 орын — 70 000 теңге;
2 орын — 50 000 теңге;
3 орын — 30 000 теңге;
4 орын — 20 000 теңге;
5 орын — 10 000 теңге.

Баршаңызды жарысқа қатысуға және жанкүйер болуға шақырамыз!

ТЕГІН СКРИНИНГТІК ТЕКСЕРУДЕН ӨТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ КӨП



Қазақстан тұрғындары тіркелген емханасында профилактикалық скринингтік тексерулерден тегін өте алады. Денсаулық сақтау министрлігі 30-76 жас аралығындағы азаматтарға тегін скринингтік тексеруден өтудің маңыздылығын еске салды.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 40-76 жас аралығында әр 2 жыл сайын артериялық гипертензияны, жүректегі ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы және миінез-құлықты қауіп факторларын ерте анықтауға арналған скрининг жүргізіледі. Ал 40-76 жас аралығындағы әйелдерге әр 2 жыл сайын сүт безі обырын ерте анықтауға арналған скрининг жүргізіледі. Сондай-ақ 30-74 жас аралығындағы әйелдерге әр 4 жыл сайын жатыр мойны обырын ерте анықтауға, 50-76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерге әр 2 жыл сайын тоқ ішек пен тік ішек обырын (колоректалдық обырды) ерте анықтауға, 50-76 жас аралығындағы ерлерге әр 2 жыл сайын ми қан айналымы бұзылыстарын ерте анықтауға арналған скрининг жүргізіледі.

Сала мамандары көптеген қауіпті ауру бастапқы кезеңде ешқандай белгі бермей өтетінін айтады. Ал скринингтік тексерулер ауруды алғашқы белгілері пайда болмай тұрып анықтауға мүмкіндік береді. Дерт неғұрлым ерте анықталса, емдеу сәуірлім тиімді болып, асқину қаупі төмендейді. Сондықтан профилактикалық тексерулерден жүйелі түрде өтіп, денсаулығыңызға қамқорлық жасауды кейінге қалдырмаған дұрыс.

Скринингтік тексерулер мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде тегін жүргізіледі. Жас ерекшеліктерге байланысты скринингтен өтуге жататыныңызды тіркелген емханаңыздағы уәкелілік дәрігерден біле аласыз.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ КҮШ КӨРСЕТКЕН ТҰРҒЫН СОТТАЛДЫ

СҚО-ның Шал ақын ауданының ауданаралық сотында қызметтік міндетін атқару кезінде медицина қызметкеріне күш қолданған Н-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сот материалдарына сәйкес, биыл 23 маусымда сағат 12:00 шамасында Ұзынжар ауылының маңында мас күйінде жүрген сотталушы Н өзінің кәсіби міндетін атқарып жүрген медицина қызметкері А-ға қасақана зорлық-зомбылық көрсеткен.

Н жәбірленушінің оң жақ сирағынан, ішінен тепкілеп, қос білегінен қысып ұстап, дене жарақаты мен физикалық ауырсыну келтірген. Осылайша дәрігердің қызметтік міндетін орындауына кедергі жасаған. Азаматтың бұл заңсыз әрекеттерін оқиға орнына жедел жеткен полиция қызметкерлері тоқтатты.

Сотталушының кінәсі іс материалдарымен, жиналған дәлелдемелермен және Н-ның өз айыбын толық мойындаған жауаптарымен расталды. Сот үкімімен Н Қылмыстық кодекстің 380-3-бабының 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылды. Жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға төндірген қауіптілік дәрежесін ескере отырып, сот оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде өтейтін болады.

Айта кетейік, сот үкімі заңды күшіне енген жоқ. Бұған дейін Ақтөбе қаласында өзіне көмектесуге келген жедел жәрдем қызметкерін мас күйінде тепкен 37 жастағы ер адам темір торға қамалған болатын.

«ЖЖ» ақпарат

Брифинг

КЕНЕДЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

Жаз мезгілінде табиғат аясында демалушылардың, мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың және егістік, шабындық жұмыстарымен айналысатын азаматтардың саны артады. Осы кезеңде кене арқылы жұғатын жұқпалы аурулардың қаупі де күшейеді. Соның бірі — Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы. Осыған орай аудандық аурухананың эпидемиолог дәрігері Гүлжас Отарбай БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте аталған дерттің алдын алу және тұрғындарға оның жұғу жолдары мен сақтану шараларын кеңінен тарақтты.

— Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы кене шағуы арқылы адамға жұғатын аса қауіпті жедел жұқпалы ауру. Дерт дене қызуын күрт көтерілуімен, ағзын қатты улануымен, тері мен ішкі ағзаларда қан кету белгілерімен сипатталады. Бұл ауру алғаш рет 1944 жылы Қырым түбегінде тіркелген. Оның қоздырғышын 1945 жылы ғалым М.П.Чумаков Қырымда шөп жинау жұмыстарына қатысқан сарбаздар мен қоныс аударушылардың қанын зерттеу барысында анықтаған. Ал 1956 жылы Конго Республикасында дәл осындай ауру тіркеліп, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде оның қоздырғышы Қырымда анықталған вируспен толық сәйкес келетіні дәлелденген. Осылайша ауру «Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы» деген атауға ие болды, — дейді спикер.

Аурудың табиғи резервуары — кеміргіштер, ірі және ұсақ қара мал, құстар, жабайы сүтқоректілер, сондай-ақ вирусты жұмыртқасы арқылы ұрпағына беретін және өмір бойы вирус тасымалдаушысы болып қалатын кенелер. Инфекцияның негізгі көзі — ауру адам немесе вирус жұқтырған жануар. Адамға инфекция көбіне вирус жұқтырған кененің шағуы арқылы жұғады. Сонымен қатар кененің жалаң қолмен жаншу кезінде, малды күтіп-баптау барысында,



шабындықта, жайылымда, табиғат аясында демалғанда, егістік алқаптарында жұмыс істегенде, кенелер мекендеген орындардан оралған иттерден немесе науқастың қанымен жасасқанда да жұғуы мүмкін. Ауруды тарататын негізгі кене түрлері — Hyalomma marginatus, Dermacentor marginatus және Ixodes ricinus.

Аудан бойынша былтыр кене шағу дерегімен 40 адам медициналық көмекке жүгінген. Оның ішінде 18-і — 15 жасқа дейінгі бала. Ал жыл басынан бері кене шаққан 32 адам тіркелген. Олардың 15-і — 15 жасқа дейінгі бала.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасымен ауырғандардың шамамен 80 пайызы — 20 мен 60 жас аралығындағы азамат. Аурудың инкубациялық кезеңі 1 күннен 14 күнге дейін созылады. Егер адам уақыттылы ем қабылдаса, дерт ауыр асқинуларға ұласып, өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан кене шаққан жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажет.

Спикер кене шаққан күннен бастап 14 күн бойы күніне екі рет дене қызуын өлшеп бақылау қажеттігін қаперге салды. Егер осы кезеңде дене қызу көтерілсе, бас ауруы, әлсіздік, бұлшықет ауыруы байқалса немесе мұрыннан, қызыл ісектен қан кету сияқты белгілер пайда болса, уақыт оздырмай дәрігерге қаралу қажет.

Спикер тілшілердің «Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу үшін қандай сақтық шараларын сақтау қажет?» деген сауалына жан-жақты жауап берді. Айтуынша, табиғат аясына шыққанда денені толық жабатын ашық түсті киім киіп, шапбалдық балағын шұлықтың ішіне салған жөн. Сондай-ақ кене мен басқа да жәндіктерге қарсы арнайы қорғаныш құралдарын пайдалану қажет. Табиғаттан немесе жайылымнан оралғаннан кейін дене мен киімді мұқият тексеріп, үй жануарларын кенеге қарсы арнайы препараттармен уақыттылы өңдеу маңызды. Егер денеге кене жабысқан жағдайда оны өз бетінше жұлып алуға әрекет жасамай, дереу медициналық

мекемеге жүгінген жөн.

— Дерт кенеттен басталады. Науқастың дене қызуы қысқа уақыт ішінде 39-40 градусқа дейін, кейде одан да жоғары көтеріледі. Қатты бас ауруы, қалтырау, бет пен шырышты қабықтардың қызаруы байқалады. Сонымен қатар әлсіздік, бұлшықет пен буындардың ауыруы, жүрек айну және құсу пайда болады. Ауру асқынған жағдайда тері мен ішкі ағзаларда қан кету белгілері байқалып, адамның өміріне қауіп төндіреді. Кенені өз бетінше алып тастауға болмайды. Мұндай жағдайда міндетті түрде медициналық көмекке, дәрігердің көмегіне жүгінген дұрыс. Ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған әдісқайда тиімді. Сондықтан әрбір азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы қажет. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы өзіңізді де, отбасыңызды да Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан қорғауға болады, — деді эпидемиолог дәрігер Гүлжас Мұратқызы.

Қазіргі уақытта адамдарға немесе жануарларға арналған Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы кенінен қолданылатын қауіпсіз әрі тиімді вакцина жоқ. Сондықтан аурудың алдын алудың ең тиімді жолы — оның таралуына жол бермеу. Инфекцияның алдын алу мақсатында ауру таратқышы кенелермен күрес жұмыстары жүргізіледі. Мал қораларында залалсыздандыру шаралары ұйымдастырылып, табиғи ошақтар орналасқан жайылымдарда мал жаюға ішпектеу қойылады. Сонымен қатар табиғаттан әкелінген бұтақтарды, шөптер мен жабайы гүлдерді үйге кіргізер алдында мұқият тексерген жөн.

Спикердің айтуынша, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы маусымдық сипатқа ие. Аурудың ең көп тіркелетін кезеңі — мамыр мен тамыз айы. Сондықтан көктем мен жаз мезгілдерінде сақтық шараларын қатаң сақтап, кенелер қорғану аса маңызды. Дерттің таралуына жол бермеудің ең тиімді жолы — оның алдын алу және әр азаматтың жеке қауіпсіздік ережелерін жауапкершілікпен орындауы.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханада басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2845 Тапсырыс №1258

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ